

**» МАМАНДЫҚ****МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНА  
ЖАҢА ДЕҢГЕЙЛІ  
МАМАНДАР ҚАЖЕТ**

Мұнай мен газ өндірудің жаңа технологиялары, әлемдік стандарттарға сәйкес еңбекті ұйымдастыру әдістері көп вариантты, күрделі міндеттерді қысқа мерзімде талдауға және ықтимал тәуекел дәрежесін ескере отырып, ең үздік шешімдер қабылдауға қабілетті, серпінді, құзыретті кәсіпқой мамандарды осы компанияларда жұмысқа тартуды талап етеді.

Бұл компаниялардың негізгі кадрлық әлеуетін қазіргі уақытта шетелдік мамандар құрайды. Алайда болашаққа сапалы жаңа деңгейде қазақстандық кадрларды даярлау қажеттілігі туды. Бұл міндет бір күннің ғана міндеті емес және оны шешу елдің мұнай-газ секторы үшін мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарының еңбек ресурстарын қалыптастыру процесіне біріктірілуі керек. Қазақстан мұнайшыларының кадрлық тапшылығы барлық уақытта сезіліп келді. Қазіргі уақытта да, бұрынғыдай, бұл мәселе шетелдік мамандарды басшылық лауазымдарға шақыру арқылы шешіліп келеді.

Мұнай мен газды өндіру және өңдеу Қазақстан экономикасының негізгі және неғұрлым серпінді дамып келе жатқан саласы болып табылады, одан түсетін салық түсімдері мемлекеттік бюджет кірістерінің едәуір бөлігін қамтамасыз етеді. Таяу болашақта біздің республикада мұнай мен газ өндіру көлемінің айтарлықтай өсуі болжанып отыр.

Университеттің 2025 жылға дейінгі стратегиясында Auezov University QS әлемдік рейтингіне кіру міндеті тұр, бұл біздің студенттер, магистранттар, докторанттар мен профессорлық-оқытушылық құрам ұжымының үлкен жетістігі, білім мен ғылымның сапасын арттыру болады. Уни-

ның сапасын арттыру болады. Университетіміздегі шетелдік студенттер мен магистранттар жалпы контингенттің 20%-дан астам көлемін құрайды, соның ішінде едәуір жоғары үлесі мұнай-газ саласының мамандықтарында оқиды.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті (Auezov University) – республикамыздың оңтүстік өңіріндегі мұнай-газ кешені үшін кадрлар даярлайтын жетекші жоғары оқу орны. Университеттің ғылыми-педагогикалық ұжымы кәсіби құзыреттер мен қажет дағдыларды қалыптастыруда үлкен тәжірибе жинақтады. Бүгінде Шымкент қаласының аумағында Қазақстанның 3 ірі мұнай өңдеу зауыттарының бірі болып табылатын, 1985 жылы іске қосылған және жобалық қуаты жылына 6 млн тоннаны құрайтын «Петро-Қазақстан Ойл Продактс» ЖШС мұнай өңдеу зауыты жұмыс істейді. Сонымен қатар, қосымша мұнай өнімдерін шығаратын, мұнай өңдейтін шағын зауыттар бар.

Мұнай-газ саласының студенттері мен мамандарын кәсіби қызметте оқыту толық масштабты тренажерларда, ситуациялық орталықтар базасында, виртуалды ортада, өзіндік технологияларды қолдана отырып, соңғы заманауи әдістемелер бойынша жүргізілетінін атап өткен жөн. Осы бағыт бойынша Auezov University И.М.Губкин атындағы Ресей мемлекеттік университетімен белсенді ынтымақтастық орнатқан.

М.Әуезов атындағы ОҚУ қабырғасында мұнай-газ ісі және мұнайхимия технологиясы бойынша мамандар даярлау жүзеге асырылады, сонымен қатар осы мұнай-газ саласында түрлі ғылыми-зерттеу жұмыстары да жүргізіледі, барлық ғылыми-педагогикалық ұжым кадрлық және ғылыми әлеуетін осы жемісті ҒЗЖ идеяға жұмсап келеді.

Тәуелсіздік кезеңінде мемлекетіміз халықаралық қоғамдастықтың толыққанды мүшесі болды, әлемдік аренада өзіне оң бедел-бейне қалыптастырды. Айта кету керек, тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен даму кезеңіндегі қиын жылдары мемлекет экономикасына қаражаттың негізгі түсуін мұнай-газ саласы қамтамасыз етті, сондықтан, сала үшін кадрлар даярлау мәселесі өте өзекті болып табылады.

**Г.БИМБЕТОВА,  
М.Әуезов атындағы  
ОҚУ-нің профессоры,**

**С.ЕРМЕНОВ,  
аға оқытушысы**